Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 410-412

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН МЕНЕДЖМЕНТІНДЕГІ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

***Турдалиева* Р.**

Агроөнеркәсіптік кешен менеджментіндегі экономика және инновациялық әдістердің даму стратегиясы атты ғылыми-теориялық мақалам Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2011-2015 жылдарға арналған Стратегиялық жоспарынан басталады. Мақсаты- агроөнеркәсіптік кешеннің экономикалық дамуы мен бәсекелестікке қабілетті салаларының сапалы жаңа деңгейге жетуіне ықпал ету мақсатында, агроөнеркәсіптік кешенді, су, орман, аң аулау және балық шаруашылығы, ауыл шаруашылығы аумақтары мен аграрлық ғылым салаларында мемлекеттік аграрлық саясатты құру және іске асыру.

Агроөнеркәсіптік кешен салаларының тұрақты дамуы, отандық өнімнің ұлттық бәсекелестікке қабілетті басымдылықтарын дамыту, мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін және мемлекеттік қаржылар мен материалдық активтерді басқарудың тиімділігін қамтамасыз ету, экономиканың құрамдас салаларын үйлестіруді жоғары деңгейге жеткізу. Қазіргі уақытта республиканың агроөнеркәсіптік кешендегі (бұдан әрі – АӨК) жай-күйі өндіріс тиімділігінің өсуімен, ауылда қаржылық қызметтер нарығын дамытумен, ауыл халқының тіршілік сапасын жақсартумен сипатталады.

Ауыл шаруашылық өнімдерін өндіріп қоюдын, өзі жеткіліксіз. Оны сақтап, сапалы түрде өңдегеннен кейін халыққа уақытында жеткізу керек. Ауыл шаруашылығы бұл мәселелерді басқа салалардың көмегінсіз шеше алмайды. Сондықтан оның қажеттіліктерін қамтамасыз етіп, өнімдерін өңдейтін өнеркәсіп өндірістері мен ауыл шаруашылығының арасында тікелей байланыс қалыптасқан. Басқаша айтқанда, *агроөнеркәсіп кешені* (АӨК) пайда болды.

Агроөнеркөсіптік кешеннің негізгі мақсаты - халықты азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті қажетті шикізатпен қамтамасыз ету.

АӨК құрамында үш негізгі буын бар.

1.АӨК-ке қызмет көрсететін, оны техникамен, тыңайтқыштармен қамтамасыз ететін салалар құрайды.

2.ауыл шаруашылығы.

3.тамақ және жеңіл өнеркәсіптері.

Олар ауыл шаруашылығы өнімдерін халық тұтынатын тауарларға айналдырады.

Жұмыскерлердің саны жөнінен (2,4 млн адам) АӨК аса ірі салааралық кешен болып табылады. Ол елдегі ішкі жалпы өнімнің 1/10 бөлігін береді. АӨК өнімдері барлық тауар саудасының 50%-дан артығын құрайтындықтан, халықтың әл-ауқатын жақсартуға әсерін тигізеді. Сонымен бірге өнімдері шет

елдерге сатылады. Мысалы, бидай және ұн Қазақстанның маңызды экспорттық тауары.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев былтырғы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында нақты айтып, азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатерді жаһандық сын-қатерлер қатарына жатқызған болатын. Елбасының айтуынша, әлемдік халық саны өсуінің жоғары қарқыны азық-түлік проблемасын күрт шиеленістіріп отыр. «Бүгіннің өзінде әлемде миллиондаған адам аштыққа ұшырап, миллиардқа жуық адам тағамның ұдайы жетіспеушілігін бастан кешіруде. Тамақ өнімдерін өндіруде революциялық өзгерістер жасамаса, осынау үрейлі цифрлар тек өсе түспек. Ендеше, біз үшін бұл сын-қатер астарында орасан зор мүмкіндіктер бар. Біз қазірдің өзінде астық дақылдарын аса ірі экспорттаушылар қатарына ендік. Бізде аса ірі экологиялық таза аумақтар бар және экологиялық таза тағам өнімдерін шығара аламыз. Ауыл шаруашылығы өнеркәсібінде сапалы секіріс жасау толықтай қолымыздағы нәрсе. Бұл үшін бізге жаңа тұрпаттағы мемлекеттік ой-сана қажет болады», - деген еді Нұрсұлтан Назарбаев. Бұл ретте Мемлекет басшысы «ауыл шаруашылығын, әсіресе, ауыл шаруашылығы өніміне өсіп отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауқымды жаңғырту қажеттігін айтып, әлемдік азық-түлік нарығының көшбасшысы болу және ауыл шаруашылығы өндірісін арттыру үшін бірқатар міндеттер жүктеді. Олардың арасында әлемнің барлық елінде мүмкін бола бермейтін егістік алаңын ұлғайту, егістік түсімін, ең алдымен жаңа технологиялар енгізу есебінен елеулі көтеру, әлемдік деңгейдегі мал шаруашылығы жемшөп базасын құру, экологиялылыққа баса назар аудара отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер қалыптастыру міндеті алға қойылды. «Бұл – өзекті міндет. Аса ірі экспорттық нарықты меңгеру үшін біз қай азық-түліктің жаппай өндірісін басты етіп қоятынымызды айқындауымыз керек. Алынған шаралардың нәтижесі 2050 жылға қарай ел ЖІӨ-дегі ауылшаруашылық өнімінің үлесі 5 есе артуы болуы тиіс», - деп нақтылаған болатын Мемлекет басшысы.

Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіп кешенінің барлық салаларын, оның ішінде ауыл шаруашылығын әлеуметтік – экономикалық дамытуға мүмкіндік мол. Егер де осы потенциалдық мүмкіндікті рынок жағдайында әрбір жекеленген аймақтардың табиғи-экономикалық өзгешеліктерін еске ала отырып ауыл шаруашылығының әлеуметтік салаларын дамыта білсек, еліміздің экономикасын бұдан да биік деңгейге көтеруге мүмкіндік жасар едік.

2003-2004 жылдары Қазақстан өнеркәсіп кешенінің дамуы үшін негіз бола алатын екі құжат қабылданды: Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылға арналған Мемлекеттік аграрлық азық –түлік бағдарламасы және 2010 жылға дейін селолық аймақтарды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. Олар агробизнестің оңтайлы құрылымы қалыптасуымен, агротехнология деңгейінің өсуімен, ауыл шаруашылық өндірісінің Маркетинг стратегияға көшуімен, ішкі рынокте импорт алмастырумен, алыс және жақын шетелдерге экспорттың артуымен, селоның әлеуметтік дамуының шапшаңдығымен байланысты аграрлық саладағы дамудың жаңа сапасына көшу қаралған.

Аграрлық саясаттағы дағдарыс кезеңдері және циклдық өндіріске біртіндеп тартылу аяқталды. Облыстардын аграрлық азық-түлік секторында

тереңдете жүргізілген экономикалық реформаның нәтижесінде нақты және тиімді меншік иелері қалыптасты, ауыл шаруашылығы дамуының басымдықтары анықталды, ауылда несие серіктестігі және екінші деңгейдегі банктер арқылы жаңа қаржы-несие жүйелер істей бастады, мемлекеттік қолдау тетіктерінің және ауыл шаруашылығы өндірісін ынталандыру механизмдері жетілдірілді.

Қазіргі кезде теориялық тұрғыдан қарағанда шағын және орта бизнесті, соның ішінде агробизнесті дамыту қажеттілігі дұрыс екендігіне көз жеткізе отырып, нақты бағытта жұмыстар жүргізілуде.

Ауылшаруашылығын инвестициялаудың экономикалық механизмі инвестициялық кешеннің өндіріс құрылымы мен оның жаңа принциптерге негізделген жұмыс істеу механизмін құруды талап етеді.

Ауылшаруашылық өндірісінің қарқынды дамуы үшін, сондай-ақ агроөнеркәсіп өндірісін техникалық жағынан жаңарту, отандық өнім өндірушілерге қолдау көрсету, ауылшаруашылығы саласындағы кадр дайындау мен мамандардың біліктілігін арттыруға көңіл бөлу және агроөнеркәсіптік интеграцияны дамыту қажет.

Ауыл шаруашылығының 2012 жылы даму қорытындысы ауыл шаруашылығының жалпы өнімнің көлемі 2012 жылы 15648,4 млн. теңге құрады. Физикалық көлемнің индексі 2011 жылғы сәйкес кезеңіне 75,5 % құрады. Ауыл шаруашылығының басты саласы өсімдік шаруашылығы болып табылады, ол жалпы өнім құрамында 76 % астамын құрайды.